

GeneXpert® Dx 6.5 бағдарламалық құралының шығарылым туралы ескертулері

Осы құжатта *GeneXpert Dx жүйесі пайдаланушысының нұсқаулығында* сипатталмаған жаңа ақпарат, белгілі шектеулер мен түсіндірмелер бар.

1. Жаңа функциялар

Соңғы шығарылымда келесі жаңа функциялар немесе жақсартулар бар:

- Әр клиенттің зертханалық саясатына сәйкес нәтижелерді жасыруға мүмкіндік беретін нәтижелерді жасыру функциясы бар Xpert Tropical Fever сияқты жаңа талдауларды пайдалану мүмкіндігі.
- Жақсартылған әдепкі модульді таңдау алгоритмі және пайдаланушыға модульдің сканерленген картриджі үшін қолжетімді болуға қалған уақытты хабарлайтын хабарлар.
- Xpert Xpress CTNG сияқты белгілі талдаулар бойынша нәтижеге дейінгі уақытты бағалаудың жақсартылған мүмкіндігі

2. Шешілген мәселелер

Соңғы шығарылымда бағдарламалық құралдың алдыңғы нұсқаларындағы белгілі мәселелер шешілген:

- LIS интерфейсіне жүктеп салынатын пайыздық қатынасты сынақ нәтижелерінде оң және рұқсат етілген диапазондағы сынақтардың сандық нәтижесі көрсетілуі керек
- Dx 5.x жүйелерінде белгілі Quant1 талдаулары болған кезде бағдарламалық құралдың апгрейд мәселесі түзетілген.
- көп сынақты қамтитын Регуляция тренді туралы есепті жасау әрекеті кезінде жадты пайдалану мәселесі түзетілген.
- белгілі жағдайларда, «Регуляция тренді туралы есеп» диалогтық терезесі ашылса, Xpert SARS Cov-2 сияқты талдауларда жаңа сынақтарды бастау мәселелері туындауы мүмкін.
- GX Dx сервер ретінде істейтіндей етіп конфигурацияланған кезде, LIS интерфейсіне бірнеше қосылымды қабылдай алу мәселесі түзетілген.
- жүйенің апгрейді бұрын жасалған болса, кей GXX мұрағат файлдарының шығарып алынуына кедергі болатын мәселе түзетілген.
- Xpert Ebola EUA сияқты кей талдаулардың сынама дайындау қадамдарын өткізіп жібере алу мәселесі түзетілген.

3. Белгілі мәселелер

3.1. Сынақ жасау

Сақтандыру:

Cepheid компаниясы GeneXpert немесе хост жүйесіне кез келген өзгерту, соның ішінде төмендегілерге (бірақ олармен шектелмейді) өзгерту енгізгеннен кейін LIS жүйесіне жүктеп салынған нәтижелер мен GeneXpert нәтижелері бір-біріне сәйкес келетінін әрдайым растау керек деп кеңес береді:

- GeneXpert бағдарламалық құралының нұсқасы
- GeneXpert талдау анықтамасының нұсқасы
- GeneXpert хост байланысының параметрлері
- Хосттың платформа аралық бағдарламалық құралының немесе конфигурациясының өзгертулері
- LIS бағдарламалық құралының немесе конфигурациясының өзгертулері

GeneXpert® Dx 6.5 бағдарламалық құралының шығарылым туралы ескертулері

3.2. Сынақ жасау

- 3.2.1. Жолға теріп жазған болсаңыз, «Сынақ жасау» (Create Test) диалогтық терезесіндегі «Пациент идентификаторы» (Patient ID) немесе «Сынама идентификаторы» (Sample ID) жолдарына штрих-кодты сканерлеп енгізбеңіз. Штрих-код жолға теріп жазылған соң сканерленсе, жарамсыз таңбалар сканерленеді. «Пациент идентификаторы» (Patient ID) немесе «Сынама идентификаторы» (Sample ID) жолын өзгерту үшін, «Сынақ жасау» (Create Test) диалогтық терезесін жауып, «Сынақ жасау» (Create Test) опциясын қайта таңдаңыз да, идентификатордың штрих-кодын сканерлеңіз.
- 3.2.2. GX Dx 4.6 және одан кейінгі нұсқада BA 4-Plex және BG Duplex талдауларының комбинациясы істемейді.

3.3. Дерекқорларды түрлендіру

- 3.3.1. Дерекқорды көшіру мәселелерін төмендегі әрекеттерді орындап шешуге болады:
- 3.3.1.1. Орнатқышты іске қосып, таңдамалы орнату (Custom Install) таңдаңыз
 - 3.3.1.2. Таңдамалы орнату (Custom Install) экранынан таза дерекқорды (Clean Database) таңдаңыз
 - 3.3.1.3. Экрандағы нұсқауларды орындап, бағдарламалық құралды орнату процесін аяқтаңыз.
 - 3.3.1.4. Дерекқорды түрлендіру және қалпына келтіру туралы ақпаратты Cepheid компаниясының техникалық қолдау қызметіне хабарласып алыңыз.

3.4. Локализация

- 3.4.1. GeneXpert бағдарламалық құралының орыс тіліндегі конфигурациясы істетілген кезде, файлдарды таңдау диалогтық терезелеріндегі кей мәтіндер орыс тіліне аударылудың орнына ағылшын тілінде көрсетіледі. Аталған диалогтық терезелер: «Сынақты архивтеу» (Archive Test) кезіндегі **«Сақтау» (Save)** диалогтық терезесі, «Сынақты шығарып алу» (Retrieve Test) кезіндегі **«Ашу» (Open)** диалогтық терезесі, «Дерекқордың резервтік көшірмесін жасау» (Database Backup) диалогтық терезесі және «Дерекқорды қалыпқа келтіру» (Database Restore) кезіндегі **«Файлды таңдау» (Select File)** диалогтық терезесі.

Аудармасы жоқ мәтіндер:

«Look In» - "Найти в"

«File Name» - "Имя файла"

«Files of Type» - "Тип файлов"

«Cancel» - "Отменить"

«Open» - "Открыть"